

## **Хромтау аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы**

Ақтөбе облысы Хромтау аудандық мәслихатының 2017 жылғы 17 ақпандағы № 89 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 3 наурызда № 5282 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 7 бабына және Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27 бабына сәйкес, Хромтау аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Хромтау аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың  
сессия төрағасы  
Қ.Төлепбергенов*

*Аудандық мәслихаттың  
хатшысы  
Д.Молдашев*

Хромтау аудандық мәслихатының  
2017 жылғы "17" ақпандағы  
№89 шешіміне қосымша

## **Хромтау аудандық мәслихатының күші жойылды деп танылған актілерінің тізбесі:**

1. Хромтау аудандық мәслихатының 2013 жылғы 27 наурыздағы № 98 "Хромтау ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3566 болып тіркелген, 2013 жылдың 30 сәуірінде аудандық "Хромтау" газетінде жарияланған) шешімі;

2. Хромтау аудандық мәслихатының 2013 жылғы 20 желтоқсандағы № 154 "Хромтау аудандық мәслихатының 2013 жылғы 27 наурыздағы № 98 "Хромтау ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3760 болып тіркелген, 2014 жылдың 30 қаңтарында аудандық "Хромтау" газетінде жарияланған) шешімі;

3. Хромтау аудандық мәслихатының 2014 жылғы 20 қазандағы № 210 "Хромтау аудандық мәслихатының 2013 жылғы 27 наурыздағы № 98 "Хромтау ауданында

тұратын аз қамтылған отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4067 болып тіркелген, 2014 жылдың 13 қарашасында аудандық "Хромтау" газетінде жарияланған) шешімі;

4. Хромтау аудандық мәслихатының 2015 жылғы 31 наурыздағы № 239 "Хромтау аудандық мәслихатының 2013 жылғы 27 наурыздағы № 98 "Хромтау ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4309 болып тіркелген, 2015 жылдың 23 сәуірінде аудандық "Хромтау" газетінде жарияланған) шешімі.